

Working on the researchwork's theme, the fact that the possession of stylistics and lexicology of the English language is impossible without an explanation of meaning and words' value and expressions that are difficult for understanding was concluded. That is why Gumar Akhmetchin used expressive means in his works in stylistic purposes for more exact and brighter expression of thought.

Research work is intended for Kazakh and English-speaking students with intensive study of English, for home reading work, broaden people's mind and improve the culture's level. We suppose that expressive means explanation, which Gumar Akhmetchin used in his storybook "The burden of forgetfulness", will popularize it for foreign readers who interested Kazakh literature, customs and traditions.

In present work studying the literature, which is most commonly associated with the subject of scientific research, was attempted. There was trying to study and analyze satirical texts, and on the results the statistical method was used for analyzing the quantity of expressive means.

References

- Ахметчин Ғ. Ұмытшақтық зобалаңы // – Астана: Елорда. – 2001. – 380 б.
Қоянбекова С. Қазақ тілі экспрессивтік стилистикасының негіздері // – Алматы. – 2008. – 50 б.
Crystal D. The Cambridge Encyclopedia of Language // Cambridge University Press. – 1987. – 448 p.
Cousin J. A Short Biographical Dictionary of English Literature // – London: E.P. Dutton. – 2002. – 563 p.
Galperin I.R. Stylistics // I.R. Galperin. – M., 1958. – 462 p.
Orwell G. Animal farm. A fairy story // Secker and Warburg. – London. – 1945. – 112 p.
Peters P. The Cambridge Guide to English Usage // – University of Leeds. – 2004. – 144 p.
Richards I. A. Practical Criticism // – London: Kegan Paul. – 1929. – 125 p.

УДК 82.091

ҚОРҚЫТ АТА ЖЫРЫНЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

*Ерманова С.Б.,
магистр, қазақ тілі
мен әдебиеті кафедрасы
Сұлтанғалиева К.М.,
Қазақ және орыс филологиясы
факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығы 2 курс студенті,
ҚМПИ, Қостанай, Қазақстан*

Аннотация

Бұл мақалада «Қорқыт ата» кітабына енгізілген жырдың идеялық мазмұндық ерекшелігі мен тәрбиелік мәні жөнінде айтылды. Әрбір жырдың мазмұны мақал-мәтелдермен түйінделді.

Аннотация

В этой статье рассматривается содержание, особенности и воспитательное значение эпоса, отраженное в книге «Коркыт ата». Каждый эпос книги заканчивается пословицами и поговорками.

Abstract

This article analyzes 12 zhyry 6 «Korkut ata» in a book of poetry. Explain their content, said educational on the merits. The content of each Proverbs poetry-malderen presented a three-volume.

Түйінді сөздер: жыр, өлім, күй атасы, мақал, ажал, халық, ел.

Ключевые слова: поэзия, смерть, статус деда, пословица, смерть, население, народ.

Key words: wise proverb, death, grandfather status, wise proverb, death, population, people.

Қорқыт есімімен байланысты жырлар түркі халықтарының арасында әртүрлі әңгімеленеді. Қазақ арасында тараған аңыздарда Қорқыт бірде күй атасы ретінде, енді біразында ол өлімге қарсы шара іздеген қамқоршы ретінде көрінеді. Өлместікті арман еткен ол мәңгілік өмір іздеп ел кезеді. Қазақ аңыздарында Қорқыт – көпті көрген батагөй, сәуегей, атакты музыкант әрі ойшыл. Ол айтқан болжаулар дәл келіп отырған. Адам өмірі, мінез-құлық, тағдыр жайында кемел толғаулар қалдырған. Қорқыт атадан қалды дейтін шешендік нақыл, өсиет сөздер көп: «Ат тұяқты келеді, ақын тілді келеді», «Ажал келмей кісі өлмес, өлген адам тірілмес», «Шыққан жан қайтып кірмес», «Бетеге биікке теңесе алмас», «Есекке қанша жүген салғанмен ат болмас», «Бақ қанша гүлдегенмен күзден қалмас», «Ескі темір біз болмас, ескі дұшпан дос болмас», «Анасыз қыз ақылға жарымас, әкесіз ұл сыйға жарымас», т.б.

Қорқыт өзі тапқан өнерімен халыққа қызмет етті, оның мәңгілігі осында. Қорқыт ата хикаялары VII-XIII ғасырларда Сыр бойын жайлаған оғыз, қыпшақ тайпаларының арасында туып, ауыздан-ауызға көшіп, түркі халықтарының бәріне түгел тараған.

Қорқыт ата кітабының Дрезден қаласынан табылған нұсқасы 12 жырдан тұратынын айтқан болатынбыз енді сол жырларға тоқталайық. Кітап «Дерсеханұлы Бұқашхан туралы жырдан» басталады. Бұл жырдың сюжетіне тоқталып кетейін. Дирсеханұлы Бұқашхан туралы жырдың сюжеті Баяндүр деген ханның той жасап, қонақтарға арнап үш үй тіккізуінен басталады. Ол үйлер ақ үй, қара үй, қызыл үй болады. Ақ үйге ұлы барлар, қызыл үйге қызы барлар, қара үйге ұлы да, қызы жоқ адамдар кіргізіледі. Қара үйге оғыздардың атакты бегі Дерсе хан да кіргізіледі. Өйткені оның ұлы да, қызы да жоқ еді. Бұл мазаққа шыдамаған Дерсе хан үйіне барып, әйеліне мұңын шағады. Әйелі Дерсе ханға балалы болу үшін ел-жұрттың батасын алу керектігін айтады, ол үшін ел-жұртты жинап, той жасап, кедейлерді тамақтандырып, қарыздарын төлеу керек екенін айтады. Дерсе хан барлық айтқандарды орындайды. Халықтың батасын алды. Сол уақыттын бастап әйелі бала көтереді. Тоғыз айдан кейін ұлды болады. Бала он бес жасқа келгенде Баяндүр ханның өгізі босап кетіп, ойнап жүрген балалардың ішінде Дирсе ханның баласы ғана ол өгізді тоқтатып, мүйізінен ұстап алып ұрады. Баланың күшіне таңғалған жұрт әкесіне апарып, Қорқыт атаны шақырып бата бергізіп, балаға Бұқаш деп ат қойып, таққа отырғызады. Бірақ ханның қырық көмекшісі Бұқаштың таққа отырғанын көре алмай, оны әкесіне жамандап, өлтіру керек деп айтады. Соған сенген Дерсе хан баласын атып өлтіреді. Бірақ Бұқашты анасы тауып алып, сүтімен емдеп алады. Бұқаштың тірі қалғанын білген қырық көмекші Дерсе ханды ұстап алып қашып кетеді. Бірақ Бұқаш барып әкесін құтқарып алады. Бұл жырдың негізгі идеясы ата-ананы құрметтеу, жамандықпен күресіп, жақсылыққа ұмтылу, әділетті болу. Жырдың тәрбиелік мәнін мына мақал арқылы түйіндеуге болады.

«Атадан жақсы ұл туса,
Елінің қамын жейді;
Атадан жаман ұл туса,
Елінің малын жейді».

Қорқыт ата кітабындағы екінші жыр «Қазан-Салордың ауылын жау шапқаны туралы жыр». Бұл жырдың сюжеті де алдыңғы жырға ұқсас тойдан басталады. Қазан – Салордың барлық көмекшілерін жинап, қара жерге тоқсан жерден алтын шатыр тігілсін, жібектен тоқылған тоқсан түсті кілем төселсін – деп бұйрық береді. Той басталып, күшті шарап ішкен соң мас болып, отыра беруден жалығып қырық көмекшісімен бірге аңға шығады. Олар аңға кеткенде еліне Гәуір елі шабуыл жасап, барлық қазынасын, анасын, ұлы мен жарын алып кетеді. Елде тек қана бір қойшы қалады. Қойшы інілерімен бірге жауға қарсы шабуыл жасап тойтарыс беруге тырысады. Бірақ бауырыларына оқ тиіп сол жерде қаза болады да, жалғыз өзі болса да таспен атып жаудың біренеше адамын өлтіреді. Қазан – Салор түс көреді түсінде елінде бо-

лып жатқан жағдайларды тұспалдап көреді. Ол еліне оралса елінің орында түк қалмағын көріп, жолда кездескен өзеннен, қасқырдан қайда әкеткенін сұрайды. Бірақ тілсіз өзен мен жануар ештеңе айтпайды. Бір кезде алдынан қойшы шығады. Қойшы Қазан – Салорға көп көмек көрсетеді. Екеуі бірігіп, жауды жеңіп, қырық көмекшілері келіп бәрі бірге жауды жеңеді. Осыдан кейін анасын, ұлын, жарын барлық ел-жұртын құтқарады. Бұл жырдың негізгі идеясы отан сүйгіштік, жарына адалдық, ата-анаға құрмет болып табылады. Жырдың тәрбиелік мәнін мына мақал арқылы түсіндіруге болады. «Отан үшін еңбек етсең, халқыңның сүйген ұлы боласың» (Ә. Қоңыратбаев, М. Байділдаев «Қорқыт ата кітабы» «Жазушы», 1986, 40-бет).

Қорқыт ата кітабындағы үшінші жыр «Байбөрі баласы Бәмсі-Байрақ туралы жыр». Бұл жырдың сюжеті де алдыңғылары сияқты тойдан басталады. Баяндүр хан тойына Байбөрі бек те келеді. Байбөрі бектің де өкшесін бастатын ұлы жоқ екен. Сол үшін қатты қайғырып, жылайды. Барлық бектер Байбөрі бектің уәжін тындап алып, барлығы қолдарын жайып, жүздерін көкке жая жалбарынып, «Тәңір саған ұл берсін», - десті. Ол заманда бектердің алғысы да, қарғысы да қате кетпей, қабыл болушы еді. Осы кезде бір перзентке зар болып жүрген Байбіжанға да бектер перзентті болсын деп тілек тілейді. Сол жерде Байбіжан: «О, бектер, егер көк тәңірі маған қыз беретін болса, оны мен Байбөрінің баласына бесікте жатқанда қоссам деймін, осыған сіздер куәлік етіңіздер», - деді. Күндерден күн өтіп, тәңірі Байбөріге ұл, Байбіжанға қыз берді. Байбөрі бек өзінің саудагерлерін шақырып алып, «О, саудагерлерім, тәңірі мені жарылқап ұл берді. Балам өскенше Рум еліне барып, соған жақсы қару-жарак әкеліңдер», - деді. Саудагерлер жолға шығып, араға бес жыл өткенде жақсы заттарды әкеле жатырған кезде қарақшылардың шабуылына тап болады. Саудагерлерді қарақшылардан арашалап алған ер жүрек жігіт Байбөрінің баласы Бәмсі болатын. Сол бір күні Бәмсі айдалада аң аулап жүрген кезінде алданан құрулы тұрған шатырды көреді. Айдала тігілген бұл шатырдың кімдікі екенін білгісі келген жігіт шатырға кірсе бұл бесікте атастырылған Бәну-Шешектің шатыры екен. Бәну-Шешек жігітті сынамақ болып, өзімен жарысып, озсаң бәйге сенікі болсын. Содан соң екеуміз садақпен жамбы атысып көрелік, оғынды тигізіп менен ассаң, бәйге сенікі. Одан кейін күреселік, мені жықсаң, бәйге сенікі болсын – деп шарт қояды. Бәмсі барлық сынақтан өтіп, қызды жеңеді. Сөйтесі де саусағындағы алтын жүзігін алып, қыздың қолына кигізді. «Бұл біздің сертіміз болсын», - деді Байрақ. Екеуі сөз байласып, жігіт ауылына кетеді. Жігіт ауылына келіп, Бәну – Шешекке үйленгісі келтіңдігін айтады. Байбөрі Бәну – Шешектің ауылына Қорқытты жіберіп, оның қолын сұрап келуге жібереді. Бірақ Бәну – Шешектің ағасы Қорқытқа: «келекке түспеген мың үлек, үйірге түспеген мың айғыр, саулық көрмеген мың қошқар, құйрығы мен мойны жоқ ит, мың бүрге тауып бересің. Осы сұрағандарым түгенделмесе, қарындасымды берейін, таппасаң бүгін өлтірмесем, сол күні өлтіремін», - дейді (Ә. Қоңыратбаев, М. Байділдаев «Қорқыт ата кітабы» «Жазушы», 1986, 80-бет).

Қорқыт ата Қаршардың сұраған малдарын Байбөріге келіп айтады. Олар бұл айтылғандардың бәрін тауып береді. Сөйтіп, олардың үйленуіне рұқсатын береді. Той кезінде гәуірлер келіп бұларды басып алады да, Байрақты тұтқынға алып кетеді.

Осымен алты жыл уақыт өтіп, жұрт Байрақтың өлі – тірі екенін біле алмады. Бір күні қалыңдықтың ағасы Қаршар Баяндүр ханға келіп, «Байрақтың өлі – тірі екенін біліп келетін адам тапса, ол адамға зерлі шапан жауып, алтын – күміс бере едім», - дейді. Бұл сөзді естіген Жарташық суайт: «О, сұлтаным, Байрақтың өлі – тірісін мен барып біліп келейін» - деп сұранды. Жарташыққа бір кезде Байрақ өзінің көйлегін тарту еткен еді. Көйлекті ол кимей сақтап қойған екен. Сол көйлекті қандап, Баяндүр ханға әкеліп берді. Бұл Байрақты өлгенін білдіретін айғақ деп береді. Көйлекті Бәну – Шешекте, Байрақтың шешесі де таниды. Жұрттың бәрі қара киім киіп, қара жамылады. Бірақ шын мәніде Байрақ тірі еді. Байрақты жау елінің қызы құтқарып жіберді. Ол бақсы болып еліне жол тартады. Еліне келе жатқан жолда Бәну – Шешекті көреді. Байрақ оны алтын жүзігінен таниды. Екеуі бірін – бірі танып, табысады. Ұлан – асыр той жасап, бақытты ғұмыр кешеді. Бұл жырдың негізгі идеясы – батырлық, ерлік, ата – ананы құрметтеу, Отансүйгіштік, жарға адалдық болып табылады. «Отан үшін отқа түс күймейсің» деген мақал арқылы бұл жырдың идеясын ашуға болады (Ә. Қоңыратбаев, М. Байділдаев «Қорқыт ата кітабы» «Жазушы», 1986, 27-бет).

«Қазан бектің баласы Ораз бектің жауға қалай тұтқын болғаны туралы жырда» ежелгі түркілер бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Оны әскери өнерге үйрету әкесінің міндеті саналған. Ол кезде әрбір адамның азаматтық мәртебесі оның ел қорғау ісіне қосқан үлесіне қарай бағалаған. Демек, бұл жырдың негізгі тақырыбы оғыз бен қыпшақ бектерінің бала тәрбиесі мәселесіне арналған. Сонымен қатар «Қазан бек гәуірлердің жақын келіп қалғанын көрді-де, атынан түсіп, таза сумен дәрет алды, басын сәждеге қойып, екі бас құтба оқыды. Тәңірдің атын айтып, тілін кәлимаға келтірді» деп, Ислам дінінің бес парызының бірі – намаз оқудың аса маңыздылығын, соғыс кезінде-де шынайы мұсылмандар бұл парызды адал орындағандығын сипаттайды. Бұл жыр жастарды соғыс өнерін білуге, ар – намысты жоғары ұстауға, ел басына күн туғанда тайсалмай жауға қарсы шығуға, ал жауды жеңе алмаған жағдайда намысты қолдан бермей, ел – жұрт үшін ерлікпен ажалға бас тігуге үндейді. «Ерді намыс өлтіреді» деген мақалмен негізгі идеясын түйіндеуге болады.

«Доқа Қожаұлы Дели Домрул туралы жыры» сан ғасырлар бойы халық арасында аңыз болып, ауызша тарап кеткен түрі мен «Қорқыт ата кітабына» енген жазбаша нұсқасының бір – бірінен принциптік айырмасы бар. «Қорқыт ата кітабына» енген Домрул әзірейілден қорқып құдайдан кешірім сұрайды. Өзі тірі қалу үшін қартайған әке – шешесінің жанын әзірейілге әперуге келіседі. Бірақ қартайса да, әке – шешесі баласы үшін өлгісі келмейді. Сонда Домрул әйелімен қоштасып шықпақ болады. Әйелі күйеуі үшін өз жанын беруге келіседі. Бірақ әзірейіл әйелдің күйеуіне соншалықты адал, берілген екенін біліп, жанын алмайды. Өлгісі келмеген әке – шешесінің жанын алып жазалайды. Домрул сүйікті әйелімен бір жүз қырық жыл ғұмыр кешіпті. Мұнда ерлі – зайыпты адамдардың бір – біріне деген адалдығы, шын берілгендігі, мөлдір махаббаты туралы жазылған. «Жақсы жұбай – жарым бақыт» деген мақалмен негізгі идеясын түйіндеуге болады.

«Оғыз қаңлы баласы Қан – Төрәлі жайындағы жырдың» негізгі тақырыбы – әке – шешесінің мұрагер баласын үйлендіріп, оған жаңа отау тігуі деуге болады. Сонымен бірге мұнда оғыз – қыпшақ әсіресе түркімен батырларының жат жұрттық христиан қыздарына үйлену дәстүрі өз көрінісін тапқан. «Ынтымақ қайда болса – ырыс сонда болады» деген мақалмен түйіндеуге болады (*Н. Келімбетов Ежелгі дәуір әдебиеті «Атамұра», 2005, 48-бет*).

Бұл алты жырдың да сюжеті жағынан да, идеясы жағынан да өте ұқсас болып келеді. Сонымен қатар бұл жырларды ауыз әдебиетіндегі батырлық жырдың бастау ретінде қарастырған жөн.

Қорқыт ата кітабының екі түрлі нұсқасы бар. Бірін - Дрезден (Германия), екіншісін – Ватикан (Италия) нұсқасы дейміз. Дрезден нұсқасында 12 түрлі сюжет болса, Ватикан нұсқасында соның алтауы ғана бар. Әзірге көп тілге аударылып, көбірек зерттелгені – Дрезден нұсқасы. Бұл жырлар жер жүзі түркологтарына мәлім. Ол жөнінде 314 зерттеу, Әзербайжан, Анатолия түріктері, Батыс Европа және Шығыс тілдерінде 462 еңбек жазылған. Көрнекті зерттеушілері – М. Ергин, В. Бартольд, А. Туманский, В. Жирмунский, Ш. Уәлиханов, А. Әбілғазы, Ә. Диваев, К. Рифат, О. Гокияй, Ә. Марғұлан, Х. Көрғұлы т.б. Солардың ішінде академик В. Бартольд үлесін ерекше атауымыз керек. Ол Дрезден жазбасын немістерден түсіріп алып, 1922-1925 жылдар арасында аударылып шыққан болатын (*Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана, 2000, 24-бет*).

Сонымен, Қорқыт адам өмірінің тым қысқалылығына, өлімге наразы болып, содан құтылудың жолын іздеп шарқ ұрады, желмаяға мініп, шартарапты кезеді. Бірақ, қайда барса да алдынан қазулы көр шығады. Жер шұқығанның бәрі оған «Қазып жатқанымыз Қорқыттың көрі» деп жауап береді. Кісі өлімі ғана емес, жүгірген аң, ұшқан құстың жемтігін, тамыры қурап сұлаған бәйтеректі көреді, соның бәрін көрге санайды. «Қайда барсаң, Қорқыттың көрі» деген сөз содан қалған екен.

Әдебиет тізімі

Қоңыратбаев Ә., Байділдаев М. Қорқыт ата кітабы. – Алматы: Жазушы, 1986.

Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005.

Ежелгі дәуір әдебиеті. Бірінші кітап. Хрестоматия / құрастырған А. Қыраубаева / – А., 1991.

Келімбетов Н. Көркемдік дәстүр жалғастығы. – Астана, 2000.